



11.10.2023

Жаңаарқа кенті

Қатысқандар:14

Хатшы: Д.Б Кудайбергенова

Күн тәртібінде:

1. ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексінің жалпы ережелерімен таныстыру.

1.Тыңдалды: ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексінің жалпы ережелерімен таныстыру. Сөйледі: Бөбекжай директоры К.З.Кадина

Педагогикалық әдеп қағидаларының жалпы ережесіне тоқталып өтті.

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді

3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.

5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2020 ж 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығында нақты көрсетілген «Педагог жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта әдеп нормаларын сақтауға тиіс» делінгендігі туралы айтты. Жұмыс уақытында жән жұмыстан тыс уақытта пед әдепті қатаң сақтау керектігін баса айтты.

Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз педагогтің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылатындығын сөз етті. Егер кез-келген педагог ынта-ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса,


өз жұмысын жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алатындығын айтты. Педагогикалық әдептің тармақшаларына тоқталып, түсіндіріп өтті. Сондай-ақ әр тәрбиеші, педагогтар өзін жетілдіру үшін үнемі ізденісте болу керектігін баса айтты.

Қаулы етті: ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексінің жалпы ережелерімен таныстырылды.

Шешімі:

ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексінің жалпы ережелерімен таныстырылды деп есептелсін.

Хатшы:



Д.Б Кудайбергенова

Таныстым:

Омарова Айнур
Қудайбергенова Сауле
Телесірбекова Е.
Ибраһимов Б.
Ахметбаева Д.М.
Саулабаева Д.
Сатбағдинов З.Б.
Шойынжанова А.А.
Абдулрахимов М.М.
Аманжолбеков Т.С.
Абдиева А.А.

